


ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ

Тарих ғылымының тарихы. Кіріспе





Кітап: Тарих ғылымының тарихы

Дәріс: Тарих ғылымының тарихы. Кіріспе

Дәріс жоспары:

Кіріспе.

1. Негізгі терминдер мен мәселелер.

2. Тарихи сана мен тарихи жады.

Дәрістің негізгі идеялары: «тарихи жады», «тарихи сана», «тарихи білім» және «тарихи ғылым» терминдерінің мән-мағынасы.

Дәріске қатысы бар маңызды цитаталар:

«Доводы, до которых человек додумывается сам, обычно убеждают его больше, нежели те, которые пришли в голову другим» Блез Паскаль.

«Адамды өз ойымен тапқан дәлелдері, өзгелердің айтқан ойларына қарағанда, көбірек сендіреді» Блез Паскаль.

Кіріспе.

Осы оқу құралының негізіне «Тарихи білімнің тарихы» атты оқу курсы алынған. Тарихи зерттеудің құрамдас бөліктері тарихи фактілер, тарихи деректер, тарихи зерттеу әдістері болып табылады. Олар тарихи танымның ерекшелігін анықтайды.

Тарихи білім және онымен ұсынылған өткеннің бейнесі әрқашан субъективті, өзінің толықтығында ішінара және ақиқатында шартты болып келеді. Неге? Оған объективті себептер бар. Сақталған растамалар әрдайым толық бола бермейді, тарихшының зияткерлік құралы - тарихи дереккөзі зерттелетін дәуірдің шынайы көрінісі болып табылатынына кепілдік жоқ. Тарихшы-зерттеуші өз дәуірінің тұжырымдамалық және идеологиялық құрылымына сүйене отырып, өзінің немесе басқа зияткерлік модельдердің жеке қалауы мен субъективті таңдауын басшылыққа ала отырып өткенді түсіндіреді. Дегенмен, өз шектеулігін мойындау тарихи ғылыми білімге оның рационалды, өз әдісі, тілі және әлеуметтік маңызы бар ғылым болуына кедергі келтірмейді.

Тарихи зерттеу әдістерінің ерекшелігі түбегейлі маңызға ие. Басты мақсаты мемлекеттік білім берудің даму кезеңдерін зерттеу және жекелеген фактілер арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды тіркейтін саяси маңызды оқиғаларды зерттеу болып табылатын ғылымнан тарих, қоғамды оның динамикасында зерттейтін пәнге эволюциялық жолмен айналды. Тарихшының ой өрісіне кең ауқымды құбылыстар енгізілген. Ол - елдің шаруашылық және саяси өмірінен бастап жеке өмір сүру проблемалары, климаттың өзгеруінен бастап адамдардың әлем туралы түсінігін анықтау деген сияқты құбылыстар.

Зерттеу мәні ретінде оқиғалар, адамдардың мінез-құлқы модельдері, олардың құндылықтық ұстанымдары мен уәждемелерінің жүйелері көрсетіледі.

Қазіргі заман тарихы - бұл тарихи оқиғалардың, адамның жеке өмірінен алынған оқиғалардың, процестер мен құрылымдарының тарихы. Нақты зерттеу бағыттарының қалауына қарамастан, тарихи білімнің объектісі адам. Тарихи білімнің адамды зерттеуі - күрделі үрдіс, себебі бұл үрдіс барысында адамның табиғаты мен мінез-құлқының әралуандығы, әр түрлі бағыттарда болатындығы, олардың өзара байланыстары зерттеледі. Тарих барлық гуманитарлық пәндердің ең әмбебабы болып шықты. Оның дамуы ғылыми білімнің жаңа салаларының — әлеуметтану, психология, экономиканың қалыптасуымен сүйемелденді. Сонымен қатар, тарих олардың әдістері мен мәселелерін өз міндеттеріне алып және бейімдеді.

Неге тарихи білімнің кеңдігі зерттеушілердің тарихтың өзін-өзі қамтушы ғылыми пән ретінде өмір сүруінің заңдылығына күмән тудырады? Тарих жаратылыстану, халықты сипаттау және әдебиетпен өзара қарым қатынасқа түсе отырып пайда болды. Тарих-гуманитарлық ғылымдардың пәнаралық өзара іс-қимыл жүйесінің міндетті компоненті және сонымен қатар дербес пән. Тарихи білім таза академиялық немесе зияткерлік феномен болып табылмайды. Тарихи білім және өткенге деген қызығушылық қоғам үшін өзекті проблемаларға қатысты болып келеді. Сондықтан өткеннің бейнесін ұрпақтармен құрылады (ұрпақтар қалпына келтіреді), олар, сол уақытты (кезеңді) позитивті немесе негативті бағалай отырып, өз шешімдері мен әрекеттерін негіздейді.

Тарихи келбет, қоғамға оның «генеологиясы» мен маңызды тәжірибесі ретінде ұсынылады. Сондықтан тарихи келбет қоғамның әлеуметтік санасына қуатты әсер ете алатын құрал болып табылады. Қоғамда



үстем болып отырған өзінің тарихи өткеніне деген көзқарасы оның өзі туралы түсінігін және одан әрі даму міндеттерін білуін анықтайды.

Осылайша, тарих немесе өткеннің бейнесі қоғамдық сананың бір бөлігі болып, саяси-идеологиялық көріністердің элементі мен әлеуметтік даму стратегиясын анықтау үшін бастапқы материал болып табылады. Тарихсыз әлеуметтік бірегейлікті қалыптастыру және адами қоғамның келешектегі дамуы туралы түсінігін қалыптастыру мүмкін емес.

Тарихи білім - әлеуметтік жадтың функционалдық маңызды элементі болып табылады. Әлеуметтік жад - бұл көп деңгейлі күрделі және тарихи өзгермелі феномен. Өткен туралы білімді сақтаудың ұтымды дәстүрінен басқа, ұжымдық әлеуметтік жад бар. Сондай-ақ өткенді субъективті және эмоциялық қабылдауға негізделген отбасылық және жеке жады бар. Айырмашылықтарына қарамастан, жадтың барлық түрі бір-бірімен тығыз байланысты. **Қоғамның тарихи тәжірибесі – бұл өткенді рационалды ұтымды ұғыну**, сондай-ақ оның интуитивті және эмоциялық қабылдауының нәтижесі.

Курстың дидактикалық және педагогикалық мақсаты бірқатар факторлармен анықталған.

Бірінші фактор - бұрын зерттелген материалды өзектендіретін арнайы гуманитарлық білім беру курсына практикаға енгізу қажеттілігі. Бұл материалды өзекті ету факторы тарихи білім жүйесіне оның қозғаушы механизмі — өткенді зерттеу әдісін ендіреді. Тарихи таным техникамен танысу ондағы объективтілік пен шарттылықтың қарама-қайшы үйлесімінің табиғатын түсінуге практикалық мүмкіндік береді.

Екінші фактор – «тарихи өткеннің ғылыми келбетін» десакрализациялауының (құдайландырудан айыру) қажеттілігі. Аталмыш оқу курсына тарихи зерттеудің шекарасы, оның әлеуметтік функциялары мен қоғамдық санаға ықпал ету мүмкіндіктері көрсетілген.

Бұл курстың басты педагогикалық мақсаты - салауатты скептицизм (объективті шындықты дұрыс тану мүмкіндігіне күдікпен қарайтын философиялық бағыт), және өткен тарихқа берілген бағаларға, әлеуметтік даму заңдылықтарына берілген анықтамаларға сыни көзқарасты қалыптастыру.

Курстың құрылымы тарихи білімнің тарихи дамуының логикасы — архаикалық ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін, қоғам мен мәдениет контекстіне негізделген.

Курста тарихи білімнің негізгі формалары мен деңгейлері қарастырылады. Оған: миф, өткенді жаппай қабылдау, рационалды білім (тарих философиясы), академиялық тарих, тарихи әлеуметтану, мәдениеттану, тарихи зерттеулердің қазіргі заманға сай жаңа бағыттары кіреді.

Курстың міндеті: тарихи және өркениеттік келешегінде өткенді тану формаларының әртүрлілігі мен өзгергіштігін көрсету болып табылады. Тарихи сананың еуропалық және шығыс өркениеттерінің мәдени дәстүрлерінен айтарлықтай айырмашылығы бар. Орта ғасырлық Еуропаның тұрғындары, ежелгі Римдегі адамдарда, және индустриялық қоғам өкілдерінде өткенді қабылдау және тану, оның шын мәніндегі маңыздылығын бағалау әртүрлі болды.

Курстың маңызды бөлігі Ресейдің тарихи білімінің қалыптасуын талдауға, Ресей және еуропалық дәстүрлердің даму жолдары мен өзара іс-қимыл механизмдерін салыстыруға арналған.

Бұл курс «тарих», «тарихи уақыт», «тарихи дереккөз», «тарихи шындық» және «тарихи заңдылық» сияқты тарихи білімнің негізгі категорияларына бас назарын аударады.

Курста тарихи білімнің күрделі құрылымы көрсетілген. Бұл - ғылыми рационалды дәстүр мен өткенді жаппай иррационалды қабылдауды саралау, сондай-ақ олардың өзара іс-қимылы. Тарихи мифтер мен жорамалдарды қалыптастыру, олардың жаппай санадағы тамыры және саяси идеологияға әсері маңызды тақырыптардың бірі болып табылады.

Негізгі терминдер мен мәселелер.

Сонымен, бастайық. Бірінші бөлім «Тарих дегеніміз не?» деп аталады. Бөлімнің атауы өз атынан айтып тұр. Бұл бөлімде авторлар тарихи ғылым зерттеумен айналысатын негізгі терминдер мен мәселелер шеңберін баяндайды.

Бұл бөлім үшін авторлар француз математигі, механик, физик, әдебиетші және философ Блез Паскальдің «Доводы, до которых человек додумывается сам, обычно убеждают его больше, нежели те, которые пришли в голову другим» деген сөздерін эпиграф етіп тандап алды. Паскальдің бұл сөздері кез келген саладағы ғалымдардың зерттеу қызметінің мәнін ашады. Осылайша, адамзат қалыптасуының тарихи жолы сынамалар мен қателіктер арқылы адам өз дамуында дамыды. Тарих деп адам дамуының эволюциясын айтсақ қателеспейміз. Бұл оқулықтың авторлары тарихты өткенді тану үдерісі ретінде зерттеу мақсатын алға қойды.



Бірінші негізгі термин – «тарих» термині. Авторлар бұл сөздің басты екі мағынасын көрсетеді: оның бірі адамзаттың өткеніне сілтеме берсе, екіншісі – әдеби хабарлау жанрына сілтеме береді.

Тарих дегеніміз – өткенді білу, бұл өткен уақыт туралы әлеуметтік көзқарастар жиынтығы. Сондықтан, **«тарих» сөзінің синонимдерімен «тарихи жад», «тарихи сана», «тарихи білім» және «тарихи ғылым» сияқты ұғымдар болып табылады.** Бұл ұғымдар арасындағы шекараны өткізу қиын, олардың барлығы өзара тығыз байланысты. Алайда, осы терминдердің мәнін негізге ала отырып, «тарихи жад» және «тарихи сана» - бұл өткеннің бейнесі, ал «тарихи білім» және «тарихи ғылым» - бұл адамзаттың даму тарихын тану мен бағалауға бағытталған сыни көзқарас болып табылады.

Табиғи құбылыс – бұл тарих пен әдебиет арасында «ерекше байланыстың» бар болуы. Егер тарихтың «қалай пайда болғанына» назар аударсақ, онда біз ол адам білімінің ерекше бөлшегі ретінде әдеби шығармашылықтың аясында қалыптасқанын көреміз.

Тарихи зерттеулер үшін ақпарат көздері қайдан алынады немесе тарихи дерек деген не? Әрине, бұл жазбаша ескерткіштер, ауызша аңыздар материалдық көркем мәдениеттің туындылары. Егер барлық тарихи дәуірлер өздерінен кейін тарихи ескерткіштердің көптігін қалдырып кетті десек, қате болар. Кейбір дәуірлер үшін бұл растамалар саны жағынан аса көп емес, ал қалғандары үшін – жойқын және әртекті болып келеді. Бірақ жай ғана ақпараттың болуы - бұл тарихи уақыттың толықтығын жеке ашпайтын, нақты оқиғаларды қалпына келтіре алмайтын фактілер ғана. Сондықтан тарихты зерттеу тек қолда бар ақпаратты анықтаудан басталмайды. Мәліметті ұғындыру, толық талдау және толығымен түсіндіру керек. Егер математика мен биология сияқты пәндерге қандай да бір құбылыс - шартсыз шындық болса, тарих үшін тарихи білімді қалпына келтіру өткенді қалпына келтіру бөлімінен басталады. Тарихи білім пәнінің айырмашылығы осында. Осылай, екінші басты термин – «тарихи білім» болып табылады.

Тарихи білім қалай қалыптасты? Ол қоғамның даму процесі мен әлеуметтік сананың өсуі процесінде қалыптасты. Тарихи білім ежелгі дәуірден бастау алады. Тарихи білімнің қалыптасуы мен дамуы - өзін-өзі тануға, адамның өзін-өзі анықтауға беталысының жарқын көрінісі. Адам өз ата-бабаларының тәжірибесіне сүйену арқылы өзінің шынайылығын түсінуге ұмтылды және оның ұрпақтары үшін өзі туралы естелікті сақтап қалғысы келді. Кітап авторларының ойынша, тек еуропалық мәдениетте өткенді тану ерекше әлеуметтік және саяси мәнге ие болды. Бұл пайымдауға дәлел ретінде, олар Батыс өркениетінің қалыптасуының барлық дәуірлеріне - антикалық, орта ғасырлық, жаңа уақыт - қоғамның, оның жеке топтары мен индивидтерінің қызығушылығы зор болғандың атап отыр. Әрине, авторлардың бұл пікірлерімен толықтай келіспесек те болады. Біздің ойымызша, шығыс та және батыс та өркениеттерінде тарих ерекше әлеуметтік және саяси мәнге ие болды. Себебі, шығыс елдеріндегі тарихқа деген қызығушылық еуропалық елдерден мүлдем төмен болмады.

Айтсақ та, өткенді сақтау, оны зерттеу және ол туралы пайымдау тәсілдері қоғамның даму процесінде өзгерді. Тек қазіргі заманның өзекті сұрақтарына жауап іздеу дәстүрі өзгеріссіз қалды. Тарихи білім еуропалық мәдениетті қалыптастырудың маңызды көздерінің бірі болды. Идеология, құндылықтар жүйесі, әлеуметтік мінез-құлық замандастардың өз өткенін қалай түсінгендігіне және оны қалай түсіндіргеніне сәйкес қалыптасты.

XVIII-XIX ғасырларда жаңа еуропалық қоғам қалыптасты, соның нәтижесінде тарих ғылымы мен тарихи білімнің үстемдік дәстүрлері мен стереотиптерін қайта қарау болды. Осының негізінде XIX ғасырдың екінші жартысында өткеннің (өткен тарихи кезеңдердің) көп қабаттылығы туралы идея пайда болды. Бұл идеяның мәні мынада: біртұтас «тарих» жоқ, көптеген жеке «тарих» бар, өткенді шексіз түсіндіруге болады, тарихи фактінің тек ол адам санасының бір бөлігі болған жағдайда ғана шындыққа ұласатынын айтады.

Осылайша, XIX ғасырдың екінші жартысында ғалымдардың кейбір бөлігі тарихи білім жалғыз және таным әдістерінің әмбебап жиынтығына ие екендігі туралы тезисті қабылдамады.

Тарихшы ретінде зерттеу пәні мен зияткерлік құралдарды жеке таңдау құқығы өз атынан танылатын болды.

Тарихты ғылым ретінде қарастырған қазіргі пікірталастардың ішінде ең сүбелі (актуалды) екі сұрақ тудырады:

1. Тарихшы ол туралы тек шындық айтуын керек ететін, жалғыз «өткен уақыт» бар ма? Әлде, ол шындық түсіндіруге және зерттеуге келмейтін, бітпейтін көптеген «тарихтарға» құлдырап кете ме?
2. Зерттеуші өткеннің шынайы мағынасын түсінуге және ол туралы шындықты көрсетуге мүмкіндігі бар ма?

Осы аталмыш екі мәселе де тарихтың әлеуметтік мақсатының түбегейлі проблемасына қатысты.



Тарихи зерттеуді қоғамның қазіргі заманғы, күрделі құрылған, өзгермелі әлемде қалай пайдалануы мүмкін деген ой-пікірлер ғалымдарды мынадай сұраққа жауап іздеуге мәжбүрлейді: алдыңғы ұрпақтың өткен адамдары қалай және қандай мақсатта өткен тарихты танумен айналысқан.

Тарихи сана мен тарихи жады.

Келесі басты терминдер – бұл тарихи сана мен тарихи жад. Жад – бұл өз өткеніңе деген ұғынып көрсетілген қарым – қатынас (Жад – бұл өткен шақты ұғыну арқылы есте сақтау). Жадынан айырылған адам өзін-өзі түсіну, басқа адамдар арасында өз орнын анықтау мүмкіндігін жоғалтады. Жад -адамның жеке өзі жинаған білімі, оның өмірлік тәжірибесі. Тарих өткенді тану үрдісі ретінде әлеуметтік есте сақтау көріністерінің бірі болып табылады.

Әлеуметтік жад – бұл адамдардың өз тәжірибесін, алдыңғы ұрпақтың тәжірибесін сақтау және түсіну қабілеті. Тарихи жад бір фактілер мен оқиғаларды түсіндірудің әр түрлі тәсілдерін жасау процесінде, қазіргі уақытта өткеннің қандай да бір құбылыстарын өзектендіру процесінде, сондай-ақ өткенді ұмытпау процесі байқалса қалыптасады.

Тарихи тәжірибені сақтау және ұғыну тарихи сана болып табылады. Бұл ұжымдық жадты құрайды.

Келесі басты термин бұл - «тарихи сана мен ұмыту» .

Бір оқиғаны ұмыту және басқалардың маңыздылығын асыру адамдарға тән қасиет (б. а. оларды өзекті ету).

Сондықтан, әлеуметтік жадтың мәселелері мен тарихи сананы зерттеушілер, әр түрлі қоғамдар мен мәдениеттердің өткені туралы түсініктердің ерекшеліктерін зерттеуде адамдардың нені және неге ұмытып кеткенін ескеру қажет деп ойлайды. Қоғам ұжымдық жадтан жекелеген фактілер мен оқиғаларды алып тастаудың себептері, бұл қоғамның тарихтағы өз орнын қалай ойлайтынын түсінуге мүмкіндік береді. Өткеннің сол немесе өзге де аспектілерін ұмыту әртүрлі себептерге байланысты болды.

Бірінші. Ұмытылған оқиғалардың ішінде жазбаша қолжазбалардың дамымаған кезеңдердің тарихы болды. Мысалы, қазіргі заманғы еуропалық ұлттардың бастауында тұрған тайпалар мен халықтардың тарихы үлкен күшпен, түрлі гипотезалар, болжамдар және логикалық құрылыстар арқылы қалпына келтірілді. Тарихшылар әлеуметтік және саяси ұйымдар, кельттердің мен герман тайпаларының, славяндардың діни нанымдары, олардың дамуына ықпал еткен маңызды оқиғалар мен тұлғалар туралы үзімелі мәліметке ие. Осыған ұқсас мысалдар жердің әр түкпірінде және аумақтарында көп кездеседі.

Өзінің өткені туралы жүйелі түрде жазылған әңгімесі жоқ халықтар «тарихынан айырылған» деп аталады - бұл оларда өткеннің жоқтығын емес, ол туралы жадының жоғалғанын көрсетеді.

Екінші. Өткен туралы жадтың жоғалуы адам және әлеуметтік санадан қандай да бір құбылыстар туралы мәліметтердің жоғалуының табиғи процесімен байланысты болуы мүмкін. Бір қызығы, ұмыту — адамзаттың өзін өзі сақтау құралы болып табылады екен. Себебі, жеке адамның жады мен қоғамның ұжымдық жады көптеген тарихи фактілерді сақтап тұра алмайды. Сондықтан, адамдарға маңызды болып табылған, саналы түрде іріктелген ақпарат қана болашақ ұрпақ үшін сақталып жеткізілу керек болған.

Есте сақтауға лайықты ақпаратты іріктеу техникасы және артық мәліметтерді електен өткізу принциптері әр түрлі болған. Олар қоғамның немесе топтың әлеуметтік дамуының түрі мен оның деңгейіне тәуелді болды.

Ортағасырлық еуропалықтар немесе біздің замандастарымыз, ежелгі иудейлер немесе антикалық тарихшылармен сақталған өткен туралы мәліметтер әртүрлі себептермен іріктеліп алынды. Дегенмен, барлығы үшін ортақ белгі ол - тіркелетін оқиғалар мен құбылыстардың маңыздылығын мойындау және барлық қалған актуалсыз фактілердің жиынтығын өз назарынан тыс шығару болды. Бұл оқиғалар мен құбылыстар ұмытылған оқиғалар қатарына жатты. Уақыт өте келе, сол «Ұмытылған» оқиғалар да, бір кезде өткен дәуірдің өкілдерімен ысырылып тасталса да, өмірге қайта оралып жатыр. Олардың көбісі қазіргі таңда, әлеуметтік сананың және тарихи жадының объектісіне айналды.

Үшінші. Өткенді ұмыту саяси немесе идеологиялық негізі бар қоғамдық сананы саналы түрде қозғаудың нәтижесі болуы мүмкін. Мысалы, жақында болған Отан тарихы тарихи жадының жойылуының жарқын және қайғылы растауы. Мысалыға, XX ғасырда оқытылған тарихта репрессия, адамдарды және тұтас әлеуметтік топтарды қорлау және жою фактілері ұжымдық жадтан ысырылды.

Жадты «күртудын» міндеттері әртүрлі болуы мүмкін. Тарихи жағымсыз фактілер туралы үндемеу арқылы саяси жүйе өзіне сай ұлттық сана-сезім мен мақтанышын нығайтуы тиіс болған. Жауларды жеңген жеңісіне түпкілікті сипат беру үшін жеңілген жаулар туралы жадының толық жойылуы типтік көрініс



деуге болады.

Ұмыту - тарихи жадтың ажырамас элементі. Бір жағынан, ұрпақтарының санасында бар немесе қалпына келтірілген өткен тарихи оқиғалардың бейнесін бұрмалайды. Екінші жағынан — «ұмыту» болмай толық оқиғаның тұтас логикалық бейнесі қалпына келтірілуі мүмкін емес. Себебі, сапасыз өте көп тарихи фактілер түсініксіз бөгеуілдеуге айналады.

Енді, «тарихи жады пен өткенді баяндау» терминін қарастырып көрейік.

Қоғамның санасында бар өткеннің бейнесі сақталған мәліметтерді жинаумен ғана емес, оларға берілетін мәнмен де анықталады. Оқиғаның тарихи мәнін табу үшін пайдаланатын тәсілдер нені анықтайды?

Тарихи құбылыстың, оның тарихи контекстінің өзіндік мәнін; уақыт пен оқиғалардың кейінгі жүрісін ескере отырып, ұрпақтың тарихи құбылысына беретін бағасын; өткеннің (өткен тарихтың) беделін өзінің саяси немесе идеологиялық мақсаттарында пайдалануға ұмтылатын жекелеген адамдар мен әлеуметтік топтардың тарихи оқиғаларға беретін бағалары.

Аталған анықтаулар іс жүзінде бір-бірімен тығыз байланыста болады.

Оқиғаның өзіндік мәні немесе тарихи оқиғаның астарында қандай ағынаны түсінуіміз керек? Мүмкін, бұл әр кезеңнің замандастарының оны қалай түсініп, сынағандығында шығар.

Мысалы, тарих оқулықтарында Батыс Рим империясының аумағына варварлық тайпалардың басып кіруі дәстүрлі түрде ежелгі өркениеттің жойылу процесі ретінде және сонымен қатар Халықтардың Ұлы Қоныс аудару дәуірі ретінде анықталады.

Қазіргі заманғы тарих ғылымында осы үйреншікті қалыптасқан көзқарастарға сол оқиғаларға қатысушылары мен замандастарының әр-түрлі қабылдаған екіжақтылықтары сақталып отыр.

Антикалық мәдениет кезеңіне жататын адамдар үшін варварлардың жеңістері әдеттегі және өзгермейтін әлем тәртібінің жойылуын білдіреді. Олар Римнің құлауын әртүрлі бағалай алды: өркениет негіздерінің апат және құлдырауы немесе сенімсіздік пен бойкүндік (высокомерие) білдіргендері үшін Құдайдың ұлы империяны қатал әділ жазалағаны деп білді. Бірақ, қалай болса да варварлардың келуін олар универсалды әлемнің құлдырауы деп білді.

Басқаша бұл оқиғаларды батырлар мен көсемдер, олардың батылдығы мен ерлігі туралы миф пен аңыздар топтамасын жасаған герман халқыларының әлеуметтік және тарихи естеліктері сақтады. Жүз жылдар бойы бұл аңыздар ортағасырлық Еуропаның халық фольклоры мен әдеби дәстүрін толықтырып тұрды. Әлеуметтік жадыда бұл оқиғаны герман тайпалары өз тарихының ұлы және батырлық кезеңі ретінде тіркеді.

Сонымен, сол дәуірдің замандастарынан құрылған білімді Рим азаматы, шіркеу қорғаушысы немесе варварлар — қайсысының оқиғаны бағалауы неғұрлым дәл? Кімнің қабылдауы немесе ойлану логикасы заманауи тарихқа қызығушылығы көп тұлғаны немесе кәсіби зерттеушіні толығымен қанағаттандыра алады?

Замандастары, куәгерлер немесе жақын ұрпақтары оқиға немесе сол кездегі қоғамның жай-күйіне, толыққанды және жан-жақты сипаттамасын беруге қабілетті емес. Себебі, олар сол тарихи уақыттың шынайы болмысына тым байланғандықтан объективті және шеттетілген түрде бағалау бере алмайды.

Оларға қарағанда, келесі ұрпақтың өткенді әділ тану үшін мүмкіндіктері көп. Олар оқиғаларды, адамдардың іс-әрекеттерін, оқиғалардың алғышарттары мен салдарларын анықтай отырып, кең мағынадағы адам өмірінің жекелеген көріністерін көре алады. Бірақ, олардың бағасы тарихи құбылыстардың «өзіндік мәнінің» нақты сипаттамасы бола ала ма? Зерттеуші - маман да қарапайым азамат сияқты тарихи тарихи құбылыстарды ойлай отырып, көптеген өзара бір-бірімен байланысты фактілер мен факторларды анықтай алады. Әрбір факттың немесе фактордың бағалау рөлі әр түрлі болады.

Рим империясының құлаған және вандалдардың жаулап алу дәуіріне қайта оралсақ, бұл тарихи оқиғалар әр-түрлі қарастырылуы мүмкін екендігін айтып кеткен жөн. Біріншіден, оқиға антикалық мемлекеттіліктің, әлеуметтік және шаруашылық жүйелердің ішкі дағдарысының көрінісі ретінде қарастырыла алады. Екіншіден, варварлардың басып кіруін бастан кешіп, жойылмаған Рим империясы институттарының тұрақтылығының көрінісі ретінде зерттеуге болады. Үшіншіден, мүмкін бұл оқиға варварлық тайпалардың ішкі өзгерістері болғандығын дәлелдейтін факт ретінде қарастырылады. Төртіншіден, германдық халықтарға дәстүрлі өмір сүру күшін еңсеруге мүмкіндік берген қуатты түрткі ретінде көрсетілуі мүмкін. Германдық ұлтшылдық идеяларын қолдайтын зерттеушілер германдықтардың варварлық тайпалардың іс-әрекеттерінде қарсылық көрсетулері оларға (германдықтарға) этнос ретінде тән батырлық рух пен әскери ерліктің көрінісі деп бағалады. Зерттеушілердің тағы бір тобы, ежелгі германдықтардың әскери әдебіне әділ баға бере отырып, олардың іс-әрекеттерінде варварлық сананың белгілері бар екендігін айтады.



Бұл бағалаулар бір-біріне қайшы болып келеді, қарастырылып отырған оқиғаларды тудырған тарихи процестердің мағынасын әртүрлі сипаттайды. Пікірлер спектрі мен олардың арасындағы айырмашылықтардың тереңдігі шын мәнінде өте күрделі.

Оқиғалардың мәнін анықтау үшін олардың тамыры қаншалықты терең және тарих үрдісінің кейінгі барысына қандай әсер еткендігін анықтау керек. Анықтау барысында ықпал ететін жағдайдың бірі оқиғалар арасындағы өзара байланыс, зерттеліп отырған оқиғаның өзі өткен кезеңдерге немесе болашақ кезеңдерге қаншалықты жақын немесе алыс болуы. Оқиғалар мәні адамдардың оның салдары мен себептерін қалай анықтайтынына байланысты.

Өткен туралы пайымдаудың қандай да бір дәрежеде дүниетанымдық немесе идеологиялық басымдығы бар. Ол басымдықтар қатарында дінге қатысы, қандай да бір әлеуметтік доктриналар мен саяси теорияларды жақтауы немесе қоғам дамуының белгілі бір теорияларына бейілділік те болулары мүмкін.

Осындай тұрғыда мынадай сұрақтар қалыптасады. Өткендегі оқиғалар қандай да бір ерекше тарихи мағына бере ме? Олар оқиғалардың кездейсоқтығының нәтижесі емес пе?

Оқиғаның тарихи мәнін бағалау мүлдем объективті және толық болуы мүмкін емес.

Тарихи санада өткеннің құбылыстары әрдайым өз қоғамымен зерттелетін немесе қайта құратын қоғам үшін өзекті ойлар, көріністер, саналы және санаға салынбаған артықшылықтармен құрылады. Өткеннің келбеті — бұл әрқашан қалауымызға қарамастан, біздің қызығушылықтарымыздың келбеті.

Ұсынылған ресурстардың тізімі:

1. Барг, М. А. Эпохи и идеи : Становление историзма / М. А. Барг. — М., 1987.
2. Барг, М. А. Категории и методы исторической науки / М. А. Барг. — М., 1984.
3. Бессмертный Ю. А. Метод // Человек в мире чувств : Очерки по истории частной жизни в Европе и некоторых странах Азии до начала нового времени / под ред. Ю. Л. Бессмертного. М., 2000. С. 23.
4. Биск, И. История исторической мысли в новое время / И. Биск. — Иваново, 1983.
5. Блок М. Апология истории. М., 1983
6. Бычков, С. П. Введение в отечественную историографию XX в. / С. П. Бычков, В. П. Корзун. — Омск, 2001.
7. Гутнова, Е. В. Историография истории средних веков / Е. В. Гутнова. — М., 1985.
8. Историография истории нового времени стран Европы и Америки / под ред. И. П. Дементьева. — М., 1990.
9. Историография истории нового и новейшего времени стран Европы и Америки / под ред. И. П. Дементьева, А. И. Патрушева. — М., 2000.
10. Историческая наука и историческое сознание / под ред. Б. Г. Могильницкого. — Томск, 2000.
11. Ковальченко, И. Д. Методы исторического исследования / И. Д. Ковальченко. — М., 1987.
12. Коллингвуд, Р. Дж. Идея истории ; Автобиография / Р. Дж. Коллингвуд. — М., 1980.
13. Косминский, Е. А. Историография средних веков : V в. — середина XIX в. / Е. А. Косминский. — М., 1963.
14. Кроче, Б. Теория и история историографии / Б. Кроче. — М., 1998.
15. Lovejoy A. O. The Great Chain of Being : A Study of the History of an Idea. Cambridge (Mass.), 1936.
16. Могильницкий, Б. Г. История исторической мысли XX в. Вып. I—II / Б. Г. Могильницкий. — Томск, 2001—2003.
17. Насонов, А. Н. История русского летописания XI — начала XVIII в. / А. Н. Насонов. — М., 1969.
18. Немировский, А. И. У истоков исторической мысли / А. И. Немировский. — Воронеж, 1979.
19. Портреты историков : Время и судьбы. В 2 т. / под ред. Г. Н. Севостьянова, Л. Т. Мильской. — М., 2000.
20. Про, А. Двенадцать уроков по истории / А. Про. — М., 2000.
21. Румянцева, М. Ф. Теория истории / М. Ф. Румянцева. — М., 2002.
22. Савельева, И. М. История и время : В поисках утраченного / И. М. Савельева, А. В. Полетаев. — М., 1997.
23. Тош, Дж. Стремление к истине : Как овладеть мастерством историка / Дж. Тош. — М., 2000.
24. Шапиро, А. Л. Историография с древнейших времен по XVIII в. / А. Л. Шапиро. — Л., 1982.
25. Хейзинг Й. Homo ludens : В тени завтрашнего дня. М., 1992.
26. Февр Л. Бои за историю. М., 1991.